



## «ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫң МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ» атты әдістемелік семинар өтті

Қазіргі кездегі жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы.

«Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім» деп ұлы жазушы М.Әуезов айтқандай тәуелсіздік туын тіккен елімізді өркениетке апарар жолдың бастауы – мектеп. Сол алтын үяда окушыға сапалы білім, саналы тәрбие берумен қатар, заман талабына сай білімді, нарық заманында басекеге түсे алатын, езінің білім деңгейі мен кәсіби шеберлігін көрсете алатын адапазамат тәрбиелеу басты міндеттіміз. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Мемлекетіміздің ең басты дүниесі тек қана табиги байлық емес, сонымен қатар жасөспірім үрпағы, өйткені олар – біздің үлтamyзыздың болашақ айнасы» – дегені мәлім. Демек, жас үрпаққа білімді жан-жақты беру, мектептен бастап окушылардың сынни түрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту негізінде білім беру болып табылады.

Осыған орай, І.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты,

Тарих және өнер факультеті, Қазақстан тарихы, құқық және экономика негіздері кафедрасының ұйымдастыруымен «Жаңартылған білім беру бағдарламасы» тақырыбында қала мектептеріндегі тарих пәні мұғалімдерінің және «Тарих» мамандығы студенттерінің қатысуымен әдістемелік семинар болып өтті. Әдістемелік семинардың мақсаты: замандауи сандық білім беру үрдісінде білім алушыларға пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұны мен ерекшеліктерін баяндау, талқылау. Семинарга Арқалық қаласының Ш.Ұәлиханов атындағы №1 орта мектебінің мұғалімі Бикенова Шынар Хамитовна «Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшеліктері», А.Құнанбаев атындағы №6 орта мектебінің мұғалімі Карапшинова Алматы Серикбаевна «Тарих пәні бойынша бағалауга арналған тапсырма түрлері», Ш.Ұәлиханов атындағы №1 орта мектебінің мұғалімі Кошанова Гүлнұр Бейсенбековна «Жаңартылған білім беру бағдарлама бойынша бағалауга арналған тапсырмаларды әзірлеу және

сараптау», №4 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Бекентай Сұңғат Жұмабекұлы «Критериалды бағалау – оку сапасын арттырудың тиімді жолдары», №10 орта мектебінің ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары, тарих және география пәндерінің жорғары салннатты мұғалімі Карапшинов Батырхан Серікбайұлы «Жаңартылған білім – болашақтың кепілі», Б.Майлин атындағы №3 орта мектебінің мұғалімі Қожықов Жанатбек Турғинбекович «Жаңартылған білім беру мазмұнындағы Қазақстан тарихы пәнін қытудың маңыздылығы», №10 орта мектебінің мұғалімі Бекетов Сүйінбай Арынғазыұлы «Тарих пәніндегі жаңартылған білім мазмұны бағдарламасының ерекшеліктері» тақырыптарында баянда ма жасап, студенттердің қойған сұрақтарына жауап берді.

Семинарга қатысушылар институт ректорының Алғыс хатымен марапаттады және үйимдастырушыларға алғыстарайтын айтты.

Роза ОРАЗБЕКОВА,  
Ы.Алтынсарин атындағы  
Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының аға  
оқытушысы, тарих магистрі